

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

## Тәрбие отбасынан басталады

ЖАРИЯЛАНДЫ  
30.10.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/19402/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Клышева Салтанат Серікқызы

Егеменді елімізді дамытып гүлдендіре түсетін санасы таза және дені сау ұрпақ. Заманға сай отбасында бала тәрбиелеу аса үлкен жауапкершілік пен білімді талап етеді. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өмірге келген нәрестеге ана махаббаты мен кіршіксіз таза көңілі ауадай қажет. Отбасы — сыйластық, жарастық орнаған орта. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі – тәрбие беру. Еліміздің болашақ азаматы – қазіргі балалар. Балалардың рухани адамгершілігін қалыптастыратын салауатты өмір салтына аса көңіл бөлуіміз қажет. Бала әрқашан да ата – ананадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата – ананы өмірдің тірегі деп санайды. Бала үшін ата – ана игілік жасаушы, үлгі – өнеге көрсетуші және ақыл – кеңес айтушы болып табылады. Баланың өнегелі тәрбиелі болуы алдымен отбасына байланысты болса, содан кейінгі оған ықпал жасайтын басты тұлға – оның араласатын ортасы. Бала тәрбие мәселесінде ата – ананың жауапкершілігі күшті. Өйткені біздер біздер, ата – аналар, баланың мінез – құлқын, өмірге көзқарасын қалаптастырамыз. Олар үйде көрген өнегесін мектептен алған білім, тәрбиесімен толықтырады, жанұяда күнделікті болып жатқан сан алуан оқиғалар, ата – ананың баламен сөйлесуі, үй шаруасының істеуі, әке мен шешесінің еңбекке көзқарасы, демалысты қалай ұйымдастыруы, өздерінің туыстары мен жолдастарына ықыласы, қонақ қабылдауы бәрі де балаларға әсер етеді. Олардың мінез – құлқы, тәрбиесін қалыптастырады. Халық даналығы «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демей ме? Осыған орай әрбір ата – ана өзінің үй – ішіндегі ісіне, сөзіне басқалармен қарым – қатынасына ерекше мән беріп, сын көзімен қарап, жағымсыз іс, мінезі байқалса, өзінің – өзі тәрбиелеу мен шұғылдануы қажет. Бедел – адамның сана – сезіміне бекем ұялаған қасиет. Сондықтан әрбір жанұя басшылары өзінің істеген ісімен, өнегелі жүріс – тұрысымен жас жеткіншектерге



қалай көшетінін, суды қайдан ішетінін, жеті атасын, олардың зираттарын, елдегі даңқты адамдарының ерлік хикаяларын, ауыл-аймақтағы жер-су атауларының бей-жалық пайдалануының санасына сіңірілген.

Бүгінгі жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оны жан-жақты дамыту, жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Әлемдік даму, ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатынын қабілеттерін жетілдіруді көздейді.

Бүгінгі күні біздің елімізде ұлттық және азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту, жеке адамның рухани күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығы да жасалуда. Тәрбиенің басты мақсаты әр адамның ішкі құндылығын, тұлғалық қасиетін ашып, бағалауға үйрету. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру. Біздің дана қазақ халқы бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген.

Тәрбие ісін арқау ету борышымыз. Сондықтан ел болып балалардың тәрбиесіне кері әсерін тигізетін келеңсіз жағдайларға қарсы күресуіміз керек.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.